

"Уәкілетті экономикалық операторлардың сауалнамасын, тізілімін және тізілімге енгізу туралы куәлігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2010 жылғы 26 шілдедегі № 372 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 234 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 30 сәуірде № 10909 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 17 шілдедегі № 737 бүйрығымен

**Ескеरту.** ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 17.07.2019 № 737 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің 61-бабының 2-тармағына, 63-бабының 1-тармағына, 64-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Уәкілетті экономикалық операторлардың сауалнамасын, тізілімін және тізілімге енгізу туралы куәлігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2010 жылғы 26 шілдедегі № 372 бүйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6383 болып енгізілген, 2010 жылғы 18 тамызда № 218 (26279)) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын: "Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәлікті алуға арналған сауалнама нысандарын, уәкілетті экономикалық операторлар тізілімін, уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәлікті бекіту туралы";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу туралы куәлікті алуға арналған сауалнамасының нысаны, осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бүйрықпен бекітілген уәкілетті экономикалық операторлар тізілімінің нысаны, осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бүйрықпен бекітілген уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәлігінің нысаны, осы бүйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетіне (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарда және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлінің  
2015 жылғы 30 наурыздағы  
№ 234 бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлінің  
2010 жылғы 26 шілдедегі  
№ 372 бұйрығына  
1-қосымша

Нысан

### **Уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу туралы куәлікті алуға арналған сауалнама**

---

Заңды тұлғаның атауы

---

---

Бизнес сәйкестендіру номірі

---

---

Заңды мекен-жайы

---

---

Іс жүзіндегі мекен-жайы

---

## Электрондық мекен-жайы, веб-сайт

### Ұйымдастыру сипаттамалары

№	Сұрақ	Жауап
1	Занды тұлғаның акцияның бақылау пакетін иеленуші құрылтайшылардың, акционерлердің, ірі акция ұстаушылардың (акциялардың үлесі 10% артық) мекен-жайын көрсетініз 1) Т.А.Ә. 2) ЖСН/БСН (егер құрылтайшы занды тұлға болған жағдайда); 3) акционерлердің, құрылтайшылардың, занды тұлғалардың директорлары атына ресімделген компаниялар туралы мәлімет;	
2	Мемлекеттік кірістер органдарында занды тұлғалардың мұдделерін білдіру үшін жауапты тұлғалар туралы мәліметті көрсетініз: 1) Т.А.Ә., жеке басын куәландыратын құжаттың номірі, еңбек шарт (бұйрық) жасалған күні және номірі (жеке тұлға үшін); 2) атауы, БСН, занды және іс жүзіндегі мекен-жайы, қызмет көрсету туралы шарттың номірі және күні (занды тұлға үшін)	
3	Занды тұлға қызметтіңін негізгі түрін көрсетініз	
4	Занды тұлғаның, сондай-ақ басқа елдердегі өкілдіктері және/немесе филиалдары туралы мәліметті көрсетініз: 1) қызметтің түрі; 2) занды және іс жүзіндегі мекен-жайы; 3) телефон номірлері және электрондық поштаның мекен-жайы; 4) қызметкерлер саны	

### 2. Бизнестің көлемі

1	Кедендік декларациялау жүзеге асырылады: 1) Кедендік декларациялауды дербес жүзеге асырылған кезде қорғаныс жапсырмасының кодын көрсетініз; 2) кеден өкілінің қызметі (атауы, БСН, кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу туралы бұйрығының номерін және күнін және қорғаныс жапсырмасының коды)	
2	Сіз демпингке қарсы немесе өтемдік баждарға жататын тауарлармен жұмыс істейсіз бе? (Иә/жок) Егер, иә болса, онда демпингке қарсы немесе өтемдік баждарға төлеуге жататын тауарлардың өндірушісі (лері) және елдері туралы егжей-тегжейлі ақпаратты ұсыныңыз.	
3	Занды тұлға соңғы жылдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден ісі саласында әкімшілік жауапкершілікке тартылды ма? Егер, иә болса, онда занды тұлға тартылған бапты көрсетініз және алдағы уақытта мұндай құқық бұзушылыққа жол бермеу үшін қандай шаралар қабылданған?	

### 3. Бухгалтерлік есеп, логистикалық және компьютерлік жүйе

Мына мәселелер бойынша ақпаратты ұсыныңыз:	
1) Сіз кедендік декларациялар мен тауарлардың автоматтандырылған бақылау және есепке алу жүйесін пайдаланасыз ба? (Иә/жок) Егер иә болса, онда Сіз қандай жүйені пайдаланасыз?	
2) Сіз пайдаланатын декларациялар мен тауарлардың автоматтандырылған бақылау және есепке алу жүйесінің бағдарламалық өнімі мемлекеттік кірістер органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімімен үйлесімді ме?	

	<p>3) Сізде тауарлар мен көлік құралдарының іс жүзіндегі санының құжаттары бойынша деректердің сәйкес келмеуін анықтауға арналған ішкі бақылау жүйесі бар ма? Егер иә болса, оның неге негізделетінін және немен бекітілетінін көрсетіңіз?</p> <p>4) Занды тұлға қандай бухгалтерлік және логистикалық бағдарламалық косымшаларды пайдаланады?</p> <p>5) Сізде құжаттаманы сактау және оған бөгде адамдардың санкцияланбаған кіруінен компьютерлік жүйені қорғау мақсатында қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша технологиялық шаралар бар ма? Егер иә болса, оның неге негізделетінін және немен бекітілетінін көрсетіңіз?</p> <p>6) Компьютерлік жүйені басқару және қорғау үшін кім жауапты болады?</p>
2	<p>Қай компания бағдарламалық өнімнің сүйемелдеуін жүргізеді? Бағдарламалық өнімді сүйемелдейтін занды тұлғаның реквизиттерін, бағдарламалық өнімді сүйемелдеу туралы шарт жасаскан күні және нөмірі.</p>

#### 4. Қаржылық тұрақтылық

	<p>Соңғы үш жыл ішінде занды тұлғага қатысты төлем қабілетсіздігі бойынша қандай да бір сот талқылауы болды ма? (Иә/жоқ)</p> <p>Егер иә болса, деректемелерін көрсетіңіз.</p>
2	<p>Занды тұлғаның қаржылық ахуалы туралы мәліметті көрсетіңіз:</p> <p>1) таза активтердің мөлшері;</p> <p>2) 2) жалпы (ағымды) өтімділік коэффициенті;</p> <p>3) меншікті капиталдың табыстылығы;</p> <p>4) қаржылық тұрақтылықтың коэффициенті;</p>

#### 5. Тауарлардың ішкі бақылау жүйесі

1	<p>Егер сіз өндіруші немесе экспорттаушы болып табылсаныз, қандай тауарларды өндіресіз және/немесе экспорттайсыз? Өз тауарының қысқаша сипаттамасын көрсетіңіз? Сіздің тауарларыңыз қайта өндеуге және/немесе экспортқа ұшырай ма? Бір жыл ішінде тауарлар жеткізілімінің қандай мөлшерін жузеге асырасыз?</p>
---	--

#### 6. Экспорттық бақылау және екі жақтық белгілеу тауарлар туралы акпарат

	<p>Мына сұрақтарға жауап беріңіз:</p> <p>1) Сіздің занды тұлғаның қызметі қосарланған мақсаттағы тауарлармен байланысты ма?</p> <p>2) Сіз экспорттық шектеулерге немесе эмбаргоға немесе басқа салықтық емес талаптарға ұшырайтын қосарланған мақсаттағы тауарлардың әкелуін қалай жүзеге асырасыз? Егер, иә болса, Сіз әкелген қосарланған мақсаттағы тауарларға қатысты мемлекеттік бақылаудың қандай шаралары қабылданды?</p> <p>Сондай-ақ, осы тауарларға қатысты тиісті ережелердің сакталуын қамтамасыз ету үшін қандай рәсімдер пайдаланылатынын қысқаша сипаттаңыз (мысалы, рұқсат, ерекше жауапкершілік, арнайы оқытылған персонал және басқа)?</p> <p>Мұндай тауарларға қатысты Сіздің занды тұлғанызда бекітілген нұсқаулық, басшылық немесе басқа басқару құжаттары бар ма? (Иә/жоқ)</p>
--	--

#### 6. Тауарларды сактау

	<p>Мына сұрақтарға жауап беріңіз:</p> <p>1) Сізде тауарларды сактауға арналған орындар бар ма?</p> <p>Егер иә болса, олардың орналасуын және олардың шаршысын сипаттаңыз, олар немен жабдықталған және тауарларды сактау кезінде қабылданатын қауіпсіздік шараларын көрсетіңіз ;</p> <p>2) Сізде занды тұлғаның өзге аумактарында тауарларды сактауға арналған үй-жайлар бар ма? (Иә/жоқ)</p> <p>Егер иә болса, олардың шаршысын сипаттаңыз, олар немен жабдықталған және тауарларды сактау кезінде қабылданатын қауіпсіздік шараларын көрсетіңіз;</p> <p>Тәуекелдің әртүрлі деңгейі бар тауарлар жеке сакталады? (Иә/жоқ)</p>
--	--

2	Егер иә болса, онда жеке сақтауға арналған өлшемшарттарды сипаттаңыз (мысалы, қауіпті жүктер, жоғары құнды тауарлар, химиялық заттар, кару-жарақ және т.б.)?	
3	Сіз стандарттарды қанағаттандыратын тауарларға санкцияланбаған қол жетімділікті алдын алу үшін сәйкестендіру құралдарын пайдаланасыз ба (халықаралық стандарттарға сәйкес келетін пломбалар, мөрлер)?	

Заңды тұлғаның басшысы \_\_\_\_\_  
 (қолы, күні)  
 М.О.  
 (болған кезде)

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2015 жылғы 30 наурыздагы  
 № 234 бұйрығына  
 2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2010 жылғы 26 шілдедегі  
 № 372 бұйрығына  
 2-қосымша

Нысан

## Үәкілетті экономикалық операторлар тізілімі

№ р/ с	Уәкілетті экономикалық оператордың тізілімге енгізу туралы күеліктің нөмірі мен берілген күні	Уәкілетті экономикалық оператордың атавы	Уәкілетті экономикалық оператордың тұрған жерінің мекенжайы	Уәкілетті экономикалық оператордың бизнес сәйкестендіру нөмірі	Уәкілетті экономикалық операторға куәлік беру туралы ҚР ҚМ МКК бұйрығының нөмірі және күні	Уәкілетті экономикалық оператор тіркелген кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аumaқтық бөлімшесі	Уәкілетті экономикалық оператордың тауарларын сақтауға арналған үй-жайдың тұрған орнының мекенжайы	Уәк экономопејкуәлтоткатуралықММБұйғнөмі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

## Жалғасы

Уәкілетті экономикалық оператор қуәлігінің қолданылуын жаңғырту туралы ҚР ҚМ МКК бұйрығының нөмірі	Уәкілетті экономикалық оператордың қуәлігін кепі қайтару туралы ҚР ҚМ МКК бұйрығының нөмірі	Уәкілетті экономикалық оператордың құрылымдық бөлімшесінің атавы, үйімдастырушылық-құқықтық нысаны және тұрған орнының мекенжайы	Уәкілетті экономикалық оператордың құрылымдық бөлімшесінің атавы, үйімдастырушылық-құқықтық нысаны және тұрған орнының мекенжайы	Уәкілетті экономикалық оператордың құрылымдық бөлімшесінің атавы, үйімдастырушылық-құқықтық нысаны және тұрған орнының мекенжайы	Уәкілетті экономикалық оператордың құрылымдық бөлімшесінің атавы, үйімдастырушылық-құқықтық нысаны және тұрған орнының мекенжайы	Кедендік баждардың, салықтардың төленуін бас қамтамасыз етудің тіркелген күні және	Кеден баждар салықтарын төлену қамтамасыз етудің тіркелген күні және
--	---	--	--	--	--	--	--

ҚМ МКК бүйрігінің нөмірі				тұрған орнының мекенжайы	аяқталу күні, қолданылу мерзімі
10	11	12	13	14	15

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 30 наурыздағы

№ 234 бүйрігіна

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2010 жылғы 26 шілдедегі

№ 372 бүйрігіна

3-қосымша

Нысан

## Уәкілеттік экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы

**№    КУӘЛПК**

берілді

Заңды тұлғаның атауы

Бизнес сәйкестендіру нөмірі

Ұсынылатын арнайы (қосымша) оңайлатулардың атауы

Басшы

(оны алмастыратын тұлға) \_\_\_\_\_

М.О.

Уәкілеттік экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы    жылғы №

   бүйріғы

Астана қ.

Берілген күні 201   ж."  "\_\_\_\_\_